

Жалғыз қатысушы – М.Тынышбаев
атындағы «Қазақ көлік және
коммуникациялар академиясы»
акционерлік қоғамы Директорлар
кеңесінің шешімімен бекітілді
«М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және
коммуникациялар академиясы»
ҚазККА 2013 ж.
отырыстың № 4 хаттамасы)



«М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар
академиясының Алматы көлік колледжі» Жауапкершілігі шектеулі
серіктестігінің
ЖАРҒЫСЫ

Алматы қ., 2013 жыл

1. Жалпы ережелер

1. Осы Жарғы «М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Алматы көлік колледжі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - Колледж) құқықтық мәртебесін, атауын, орналасу орнын, Колледж орнандарының қалыптасу тәртібі мен құзіретін, оны қайта құру, қызметін тоқтатудың шарттары мен Қазақстан Республикасының заңнамаларына қайшы келмейтін өзге де ережелерін анықтайды.

2. Колледж құрылтайшысы (бұдан әрі – Жалғыз қатысушы) болып табылады:

«М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ, мемлекеттік тіркеу туралы 05.11.2007ж. № 552-1910-02-АҚ куәлігі, мына мекен-жай бойынша орналасқан: 050012, Алматы қ., Шевченко к-сі, 97, СТН 600700012599, БИН 010740000551.

3. Колледж атауы:

мемлекеттік тілдегі толық атауы:

«М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Алматы көлік колледжі» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

қысқартылған атауы:

«ҚазККА Алматы көлік колледжі» ЖШС;

орыс тіліндегі толық атауы:

Товарищество с ограниченной ответственностью «Алматинский транспортный колледж Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева»;

қысқартылған атауы :

ТОО «Алматинский транспортный колледж КазАТК»;

4. Колледждің орналасу орны: Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Жетісу ауданы, Райымбек к-сі, 165.

5. Колледж қызметі шектеусіз.

6. Колледж қызметі жайлы ақпарат келесі бұқаралық басылым ақпарат құралдарында жарияланады: «Казахстанская правда», «Заң газеті».

2. Колледждің заңды мәртебесі

7. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамалары бойынша заңды тұлға болып табылады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне, Қазақстан Республикасының «Шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңына (бұдан әрі - Заң) және Қазақстан Республикасының өзге де нормативті құқықтық актілеріне, сондай-ақ Колледж Жарғысы (бұдан әрі - Жарғы) мен басқа да ішкі құжаттарына сай жүзеге асырады.

8. Колледждің жеке теңгерімі, банктік, оның ішінде валюталық шоттары, мемлекеттік және орыс тілдеріндегі толық фирмалық атауы көрсетілген мөрі,

фирмалық бланктері, эмблемасы (символикасы), белгіленген тәртіпте тіркелген үшкіл жалауша, төс белгісі бар.

9. Колледж Қазақстан Республикасының әділет органдарында мемлекеттік тіркелу сәтінен бастап заңды тұлға мәртебесін иеленеді.

10. Колледж Қазақстан Республикасының аумағы мен шетелде филиалдар мен өкілдіктер құруға, басқа да заңды тұлғалармен бірігуге (одақтасуға), сондай-ақ басқа заңды тұлғалардың қатысушылары (акционерлері) болуға құқылы.

11. Колледж өз қызметін жүзеге асыруда мемлекеттік, орыс және қажеттілікке қарай басқа да тілдерді пайдаланады.

12. Колледж өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі мүлікпен жауап береді. Мемлекет Колледж қарыздары бойынша жауап бермейді. Колледж мемлекет қарыздары бойынша жауап бермейді. Колледж күші бар заңнамалармен қарастырылған оқиғаларды қоспағанда, Жалғыз қатысушысының міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

3. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі

13. Іске асырылатын білім беру бағдарламаларының тізімі:

1) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламалары, нақты кәсіп, мамандық бойынша білім алушыларға кәсіптік біліктіліктің (разряд, класс, санат) белгіленген және жоғарылатылған деңгейін беру;

2) жалпы техникалық және еңбектің қызмет көрсетуші кәсіптері бойынша кадрларды дайындау, қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату бойынша бағдарламалары (куәліктер мен сертификаттарын бере отырып);

3) мектепке дейінгі оқыту бағдарламалары;

4) бастауыш сыныптарының білім беру қызметі бағдарламалары;

14. Іске асырылатын техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларының тізімі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте берілетін білім беру қызметін жүргізудің мемлекеттік лицензиясымен анықталады.

4. Колледжге оқуға қабылдау, қайта қабылдау және ауыстыру тәртібі

15. Білім алушыларды Колледжге қабылдау Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 109 қаулысымен бекітілген, жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 111 қаулысымен бекітілген, жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 130 қаулысымен бекітілген, техникалық және кәсіптік

білім берудің кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асырушы білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

16. Білім алушыларды Колледжге қайта қабылдау, басқа оқу мекемесінен немесе басқа оқу орнына ауыстыру Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 19 қаңтардағы № 110 қаулысымен бекітілген, білім алушыларды білім беру ұйымдарының типтері бойынша ауыстыру және қайта қабылдау ережелерімен жүзеге асырылады.

17. Пәндер айырмашылығы мен пәндер бойынша сағаттар санын жою белгіленген тәртіпте бекітілген тарифқа сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

18. Колледжде білікті мамандардың қысқа мерзімді дайындығына білім алушыларды қабылдау, оларды қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату жұмыс берушімен, жұмыс бастылық мәселелері бойынша өкілетті органмен бірлесе отырып және бастапқы кәсіптік, техникалық және кәсіптік білім негізіндегі, сондай-ақ техникалық және кәсіптік білім берудің жоғары курстары негізіндегі азаматтармен жеке (растайтын құжаттарды ұсыну кезінде) анықталатын кәсіптер (мамандықтар) мен кәсіп топтары бойынша жүзеге асырылады.

19. Білім алушыларды ұзақ мерзімді білікті мамандар дайындығына қабылдау білім беру қызметін жүргізудің мемлекеттік лицензиясына сәйкес кәсіптер (мамандықтар) мен кәсіп топтары бойынша жүзеге асырылады.

20. Техникалық және кәсіптік білім бағдарламалары бойынша, сондай-ақ орта білімнен кейінгі оқуға қабылдау мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру, сондай-ақ азаматтардың өз қаражаттары мен өзге де көздер есебінен оқу ақысын төлеуі арқылы жүзеге асырылады.

21. Оқуға түскен тұлғалармен келісім-шарт жасалады.

22. Колледж және білім алушы, оның ата-анасы мен басқа да заңды өкілдері арасындағы қарым-қатынас келісім-шартпен реттеледі.

23. Білім алушыларды қабылдау кезінде Колледж оны және/немесе оның ата-аналарын немесе өзге заңды өкілдерін осы Жарғымен, білім беру қызметін жүргізу лицензиясымен және қабылдау тәртібі мен оқу-тәрбие үрдісін ұйымдастыруды регламенттейтін басқа да құжаттармен таныстыруға міндетті.

24. Тұлғаларды Колледж студенттері қатарына қабылдау Колледж директорының бұйрығы негізінде жүргізіледі.

5. Оқытудың барлық формалары үшін білім беру үрдісін ұйымдастыру тәртібі

25. Колледждегі оқыту күндізгі, кешкі, сырттай, экстернат және мүмкіндіктері шектеулі балалар үшін қашықтықтан оқыту формасында жүзеге асырылады. Білім алудың алуан формаларын үйлестіруге жол беріледі. Колледждегі оқыту мерзімі:

- негізгі орта білім негізінде – 3-4 жыл,
- жалпы орта білім негізінде – 2-3 жыл,

- туыс мамандықтар бойынша бастапқы кәсіптік білімі, орта кәсіптік білімі, техникалық және кәсіптік білімі бар азаматтар техникалық және кәсіптік білімді оқыту мерзімі 1-2 жылдық қысқартылған-жеделдетілген бағдарламалар бойынша ала алады;

- жұмысшы кәсіптерінің мамандарын ұзақ мерзімді даярлау бойынша негізгі орта білім негізінде 2 жыл (лайық мамандық бойынша ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес);

- жұмысшы кәсіптерінің мамандарын ұзақ мерзімді даярлау бойынша жалпы орта білім негізінде 10 ай (лайық мамандық бойынша ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сәйкес);

- бастапқы кәсіптік, техникалық және кәсіптік, жоғары білім негізінде және жұмысшы кәсіптерінің мамандарын қысқа мерзімді дайындау және қайта дайындау бойынша техникалық және кәсіптік, жоғары білімнің жоғары курстары негізінде оқыту мерзімі 1-6 ай;

- кәсіптер (мамандықтар) мен кәсіп топтары бойынша біліктілікті жоғарылатудың оқыту мерзімі 1-5 апта.

26. Оқыту сапасы мен білім алушылар тәрбиесін, әдістемелік жұмысты жетілдіру, оқытушылардың педагогикалық шеберлігін жоғарылату мақсатында Колледжде оқытушылар мен өзге қызметкерлерді біріктіретін органдар (педагогикалық және әдістемелік кеңестер, бөлімшелер және циклдық пәндік комиссиялар) құрылады.

27. Оқу үрдісінің мазмұны және ұйымдастырылуы ҚР Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарымен, сәйкес мамандықтар мен кәсіптер бойынша кәсіптік-білімдік бағдарламалары және оқу жоспарларымен анықталады.

28. Колледжде оқыту мемлекеттік және орыс тілдерінде, сондай-ақ қажеттілік жағдайында, жалпы білім стандартына сәйкес шет тілінде жүргізіледі.

29. Оқу сабақтары Колледжде 1 қыркүйектен басталып, нақты мамандық бойынша оқу үрдісінің графигіне сәйкес аяқталады. Білім алушылардың жекелеген санаттары үшін сабақтың басталуы оқу топтарының қалыптасу шамасына қарай келісім-шарт негізінде белгіленеді.

30. Колледжде сабақтың келесі түрлері белгіленеді: сабақ, дәріс, семинар, практикалық сабақ, зертханалық жұмыс, бақылау сабағы, өзіндік жұмыс, факультативтік сабақ, консультация, практика, курстық және дипломдық жобалау (курстық және дипломдық жұмыс).

31. Техникалық және кәсіптік білім алушылардың оқу сабақтары бес күндік апта бойынша 8-30 басталады.

32. Қысқа мерзімді білім алушылардың дайындығы, қайта дайындығы, біліктілігін жоғарылату бойынша оқу сабақтары алты күндік апта бойынша 12-30 басталады.

33. Бір оқу сабағының ұзақтығы – үлкен үзілістің 40 минуттық ұзақтығымен (11-50 бастап тамақ қабылдау үшін) 45 минут.

6. Білім алушылардың ағымдық білім бақылау, аралық және қорытынды аттестация жүйесі, барлық оқыту түрлері үшін оларды жүргізудің формалары мен тәртібі

34. Колледж білім алушыларының білім, білік, дағыларының сапасы бақылаудың алуан формаларымен (емтихан, сараланған сынақ, ағымдық бақылау-аттестаттау, курстық жобаны (жұмыс) қорғау) тексеріледі және баллдармен бағаланады: 5 (өте жақсы), 4 (жақсы), 3 (қанағаттанарлық), 2 (қанағаттанарлықсыз).

Соған қоса, білім алушылардың білім, білік, дағдыларын тікелей тексеру ауызша сұрау, тапсырма бойынша жұмыстарды орындау, фронтальды бақылау және тексеру жұмыстарын жүргізу, дәптерлерді, конспектерді, бақылау жұмыстарын үнемі тексеру, үй тапсырмаларын орындау жолымен жүргізіледі.

35. Сараланған сынақ және емтихан жүргізіледі:

- математика бойынша – жазбаша түрде;
- шет тілі бойынша – тест және жазбаша түрде;
- орыс тілі бойынша (қазақ тілінде оқыту топтары үшін) – мазмұндама;
- қазақ тілі бойынша (орыс тілінде оқыту топтары үшін) – диктант;
- қалған жалпы білім беру, әлеуметтік-гуманитарлық, жалпы кәсіптік, сәйкес пәннің арнайы циклдарының пәндері бойынша – ауызша түрде.

36. Білім алушылар білімінің ағымдық бақылау-аттестаттауы ай сайын мамандықтың барлық пәндері бойынша келесі айдың 3-күнінен кешіктірмей жүргізіледі. Егер оқу жоспарына сәйкес пәнді оқытуға бөлінген сағаттар саны аптасына 1 сағатты құраса, білім алушылар білімінің ағымдық аттестаттауы екі айда бір рет жүргізіледі.

37. Білім алушылардың аралық білім бақылауы әр семестрдің соңында пәннің оқу жоспарына сәйкес пән бойынша сараланған сынақ немесе емтихан формасында жүргізіледі. Пәннің оқу жоспарында аралық бақылау қарастырылмаса, аталған пән бойынша білім сапасы да сараланған сынақ түрінде жүргізіледі.

38. Сараланған сынақты жүргізу кезінде ағымдық бақылау-аттестаттау бағалары ескеріледі.

39. Сараланған сынақ ағымдағы семестрдің аталған пән бойынша соңғы сабағына берілген уақыты есебінен жүргізіледі. Білім алушының сараланған сынаққа немесе емтиханға келмеуі жағдайында, үлгерім бағасының ведомосына «келген жоқ» белгісі қойылады.

40. Курстық жобаны (жұмыс) орындау тапсырмасы ағымдағы семестр сабақтары басталғаннан кейін үш күн ішінде бөлімше меңгерушісімен бекітіледі. Курстық жобаны (жұмыс) қорғау оқу жұмысы бойынша директор орынбасарымен бекітілген курстық жобаларды (жұмысты) қорғау графигіне сәйкес жүргізіледі және аралық емтихан сессиясы басталғанға дейін екі апта бұрын бітеді. Курстық жобаны (жұмыс) белгіленген мерзімдерде қорғамаған білім алушы ағымдағы семестр емтихандарын тапсыруға жіберілмейді.

41. Ағымдағы семестрдің сараланған сынақтарын тапсыру бойынша қарызы бар білім алушы емтихандарды тапсыруға жіберілмейді.

42. Аралық білім бақылауын қайтадан тапсыру (курстық жобаны (жұмыс) қорғау, сараланған сынақ және емтихан) белгіленген тәртіпте бекітілген тарифке сәйкес ақылы негізде жүзеге асырылады.

43. Оқу топтары мамандықтар бойынша күндізгі, кешкі, сырттай, қашықтықтан оқыту формалары кезінде 8-25 адам көлемінде жинақталады, сондай-ақ білім алушылардың кіші санымен оқу топтарын жинақтауға жол беріледі.

44. Тізімі оқу жоспарымен анықталатын зертханалық жұмыстарды, практикалық және семинарлық сабақтарды, оның ішінде дене тәрбиесі және шеберханалардағы (полигондарда, шаруашылықтарда) кәсіптік оқытудың жекелеген пәндері бойынша сабақтарды өткізу кезінде оқу топтары ең кемі 8 адамнан тұратын ішкі топтарға бөліне алады.

45. Білім алушыларды өндірістік оқыту теориялық оқуды өндірістік еңбекпен үйлесімділікте жүзеге асырылады:

- білім алушылардың оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес еңбек нарығында сұранысқа ие мамандықтарды алуы үшін;

- халық тұтынатын тауарларды (кейіннен сата отырып) шығаруды, шеберханаларға құрал-саймандар, кабинеттер мен зертханаларға көрнекі құралдар мен аспаптар жасауды, сондай-ақ құрал-жабдыққа, машиналар мен механизмдерге жөндеу жүргізуді ұйымдастыру үшін;

- практика базаларымен анықталатын ұйымдарға ақылы білім қызметтерін көрсету үшін.

46. Білім алушылардың кәсіптік практикасы базаларымен анықталатын ұйымдарда жүргізіледі. Кәсіптік практиканың мерзімдері мен мазмұны оқу жоспарлары және бағдарламаларына сәйкес анықталады. Келісім-шарттар негізінде ұйымдармен келісу бойынша кәсіптік практиканы ұйымдастырудың күнтізбелік графиктері бекітіледі. Келісім-шарттарда Колледждің, білім алушылардың және практика базалары болып табылатын ұйымдардың міндеттері анықталады.

47. Білім алушылар медициналық қорытынды негізінде теориялық пәндер бойынша аралық емтихандарды тапсырудан босатыла алады.

48. Колледждегі білім берудің оқу бағдарламаларын игеру сәйкес пән бойынша Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартына сай білім алушылардың міндетті қорытынды аттестатталуымен аяқталады.

49. Білім алушы үлгерімінің орташа баллын анықтау оқушының аралық аттестатталу пәндері бойынша қорытынды бағалары негізінде және мемлекеттік емтихандарды тапсыру бағалары мен дипломдық жобаны (жұмыс) қорғау бойынша жүзеге асырылады.

7. Барлық оқыту формалары бойынша білім алушыларды оқудан шығару тәртібі және негізі

50. Білім алушылардың міндеттерін бұзғаны үшін Колледждің Ішкі тәртіп ережелерімен қарастырылған тәртіп шарасы (жатақханадан шығару, үш

ескерту, сөгіс, қатаң сөгіс жариялау, Колледждің Педагогикалық кеңесінің шешімі, оқудан шығару) қолданылуы мүмкін.

51. Білім алушылар төмендегі негіздер бойынша оқудан шығарылуы мүмкін:

- өтініш беру жолымен өз қалауы бойынша (барлық оқыту формалары бойынша);

- бір оқу мекемесінен екіншісіне ауысуы (барлық оқыту формалары бойынша);

- академиялық үлгермеушілікте, сабақтан 72 сағаттан артық себепсіз қалу (негізгі орта білім негізіндегі күндізгі оқыту формасы, экстернат, жұмыс кәсіптері мамандарын ұзақ мерзімді даярлау бойынша);

- академиялық үлгермеушілікте, оқу жылы ішінде сынақ-емтихан сессиясына келмеу (сырттай, қашықтықтан оқыту формасы бойынша);

- Колледждің Ішкі тәртіп ережелерін қасақана бұзу, егер ата-анамен (оларды алмастырушы тұлғалармен) бірлесіп қабылданған тәрбиелік сипаттағы шаралар оң нәтиже бермесе (күндізгі оқыту формасы бойынша);

- сабақтарда себепсіз 3 күннен артық болмау, кәсіптер (мамандықтар) және кәсіп топтары бойынша жұмыс кәсіптерінің мамандарын қысқа мерзімді дайындау, қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату негізінде білім алушылардың Жатақханаларда тұру ережелерін бұзуы;

- білім беру қызметтерін көрсету келісім-шарттарын бұзу кезінде (барлық оқыту формалары бойынша).

52. Студентті оқудан шығару рәсімі Колледж директорының бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

8. Ақылы қызметтерді ұсыну тізімі және тәртібі

53. Бюджеттік қаражат есебінен білім алушыларға тегін білім беру қызметтерін ұсынумен қатар Колледж Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңына сәйкес ақылы қызметтер көрсетеді.

54. Колледж көрсететін білім беру және қосалқы қызмет тарифтері Колледждің жалғыз қатысушысымен жыл сайын бекітіледі.

55. Жекелеген тұлға санаттары үшін жеңілдетілген төлем шарттары белгіленуі мүмкін. Оқыту құны және жеңілдіктер Колледжбен әзірленеді және Колледждің Жалғыз қатысушысымен бекітіледі.

56. Оқыту төлемінің минимальды мөлшері жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметімен бекітілетін сәйкес оқу жылының мемлекеттік білім гранты немесе тапсырысының құны бойынша белгіленеді.

57. Қосымша ақылы білім беру қызметтеріне жатады:

- қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өту үшін қайта қабылдау (барлық оқыту формалары үшін);

- пәнді қайтадан оқу, оқу жоспаларындағы айырмашылықтарды жою (барлық оқыту формалары үшін);

- сессияға себепті келмеу кезінде оны жеке график бойынша ұйымдастыру (барлық оқыту формалары үшін);

- қосымша білім беру бағдарламалары бойынша қызметтер;
- жұмыс берушілермен, жұмысбастылық мәселелері бойынша өкілетті органмен бірлесіп және бастапқы кәсіптік, техникалық және кәсіптік, жоғары білім негізінде және техникалық, кәсіптік, жоғары білімнің жоғары курстары негізіндегі азаматтармен жеке анықталатын білікті мамандарды қысқа мерзімді даярлау бойынша, оларды кәсіптер (мамандықтар) мен кәсіп топтары бойынша қайта дайындау және біліктілігін жоғарылату бойынша қызметтер (растайтын құжаттарды көрсету кезінде);

- арнайы курстар мен пәндер циклын қосымша беру қызметтері;
- шет тілдерді қосымша тереңірек оқу бойынша қызметтер;
- репетиторлық қызметтер (жекелеген білім алушылармен жеке тәртіпте оқу жоспарының сағаттар санынан тыс пәндер бойынша қосымша сабақтар өткізу);

- білім алушының пәндерді тереңірек меңгеруі бойынша қызметтер (мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттардың сәйкес білім бағдарламаларының шеңберінен тыс);

- балалардың денсаулығын нығайту және оларды қорғауға бағытталған қосымша дене шынықтыру-сауықтыру бағдарламалары бойынша қызметтер;

- жазғы демалысты ұйымдастыру бойынша қызметтер;

- ҚР заңнамаларымен тыйым салынбаған өзге де ақылы қызметтер.

58. Ілеспелі білім беру қызметтеріне жатады:

- мұрағаттық анықтамалар мен құжат дубликаттарын беру;

- ғылыми еңбектер мен мақалаларды, конференция материалдарын, оқу-әдістемелік әдебиетті, монографияларды шығару;

- білім алушылардың тұруы үшін жатақханалар ұсыну;

- курстық және дипломдық жобаларды (жұмыс) түптеу.

9. Колледждің білім алушылармен және (немесе) олардың ата-анасымен және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынастарын рәсімдеу тәртібі

59. Колледждің білім алушылармен, олардың ата-анасы және өзге де заңды өкілдерімен қарым-қатынасы ақылы білім беру қызметтерін іске асырумен байланысты білім деңгейін, оқу мерзімдерін, оқу төлемінің мөлшерін, басқа да шарттарды анықтайтын келісім-шартпен реттеледі.

60. Колледж ақылы негізде ұсынылған жұмыстар мен қызметтерді іске асырудан, оның ішінде Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттары шеңберіндегі оқытудан және заңнамалармен тыйым салынбаған дербес қаржыландыру көздерінен түскен табысты пайдаланады.

10. Колледж қызметінің мақсаты және түрлері

61. Колледж қызметінің негізгі мақсаты ұлттық және жалпы адами құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде тұлғаны

қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік жетілдіруге бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау болып табылады.

62. Колледж қызметінің негізгі түрлері:

1) заңды және жеке тұлғаларға ақылы білім беру, кеңес беру, консалтингтік қызметтерді көрсету, оның ішінде алуан білім беру құрылымдарындағы (жексенбілік мектептер, курстар, мектептер және т.б.) кәсіптік оқыту;

2) оқу, оқу-әдістемелік және ғылыми әдебиетті, электронды оқулықтарды, қосымша оқу әдебиетін шығару және тарату, теле-, бейне-, радиобағдарламалар және баспа өнімі, оның ішінде мерзімдік формадағы ақпараттық-баспалық және жарнамалық қызмет;

3) ақпараттық-ізденіс және анықтамалық-библиографиялық зерттеулерді, оның ішінде компьютерлік жүйелерді, байланыс құралдарын, көшіру-көбейту, баспаханалық, аудио-, бейне- және өзге техниканы пайдалана отырып шет тілдеріндегі зерттеулерді ұйымдастыру.

4) электронды-есептеу техникасына қызмет көрсету, пайдалану және жөндеу, тираждауды әзірлеу және бағдарламалық өнімдерді іске асыру;

5) сынау әдістері бойынша ғылыми-әдістемелік құжаттарды әзірлеу және оған қатысу, сынау әдістерін, әдістемесін мен құралдарын жетілдіру болып табылады.

63. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерімен тыйым салынбаған өзге де қызмет түрлерін жүзеге асыра алады.

64. Қызметтер мен жұмыстар бағасы Колледжбен анықталады және Қазақстан Республикасының күші бар заңнамаларына сәйкес Жалғыз қатысушымен бекітіледі.

65. Тізімі заңнамалық актілермен анықталатын жекелеген қызмет түрлерімен Колледж арнайы рұқсат (лицензия) негізінде ғана айналыса алады.

Егер белгілі бір қызмет түрін жүзеге асыру лицензиясын ұсынудың шарттарымен басқа қызмет түрлерін жүзеге асыруға шектеу қойылса, лицензияның әрекеті мерзімінде Колледж тек лицензияда көрсетілген қызмет түрін жүзеге асыруға құқылы.

11. Колледждің құқықтары мен міндеттері

66. Колледж осы Жарғымен қарастырылған қызметті жүзеге асыру кезінде барлық құқықтарға ие болады және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес міндеттерді атқарады.

67. Колледж өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлікпен жасау береді және Жалғыз қатысушы міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

68. Колледждің Жалғыз қатысушысы оның міндеттемелері бойынша жауап бермейді және өзінің енгізген салымдары құны мөлшерінде Колледж қызметімен байланысты шығындар қауіпін көтереді.

69. Колледж өз атынан мәмілелер жасай алады, мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар мен міндеттерді иелене алады, сотта талапкер немесе

жауапкер болып, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған өзге де іс-әрекеттерді жүзеге асыра алады.

70. Колледж өз қаржылық-шаруашылық қызметінің бухгалтерлік есебін жүзеге асырады, Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес статистикалық және қаржылық есеп-қисапты құрастырады.

71. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес есепке алу мен есеп-қисаптың барлық формаларының шүбәсіздығы мен тәртібінің сақталмауына жауап береді.

72. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте кепілгер (кепілдік беруші) болуға, теңге және шетел валютасында қарыздар алуға құқылы.

73. Колледж Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды иеленіп, міндеттерді атқара алады.

12. Колледж мүлкі

74. Колледж мүлкін қалыптастыру көздері төмендегілер болып табылады:

- Жалғыз қатысушының жарғылық капиталға салымы;

- Колледж қызметінен алынатын табыстар;

- Қазақстан Республикасының заңнамаларымен тыйым салынбаған өзге де көздер.

75. Колледж мүлкі оның теңгерімінде ескеріледі.

13. Колледждің жарғылық капиталы

76. Колледждің жарғылық капиталы **173 100** (жүз жетпіс үш мың жүз) теңгені құрайды.

77. Жарғылық капиталдың мөлшері Жалғыз қатысушы шешімімен өзгеруі мүмкін.

78. Колледждің жарғылық капиталының ұлғаюы Колледж құрамына жаңа қатысушыларды қабылдау, Колледждің жеке капиталы есебінен Жалғыз қатысушымен жүргізілетін қосымша салымдар жолымен жүзеге асырыла алады.

79. Колледждің жарғылық капиталының өзгеруі Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады. Жарғылық капиталдың заңнамалармен белгіленген минималды мөлшерден азайтылуына жол берілмейді.

80. Ақша, құнды қағаздар, мүліктік құқықтар мен басқа да мүлік Колледждің жарғылық капиталына қосымша салымдар бола алады, бұл кезде жеке мүліктік емес және материалдық емес игіліктерді салым ретінде енгізуге жол берілмейді.

81. Колледж жарғылық капиталдың ұлғаюы жөнінде оның мемлекеттік тіркеуін жүзеге асырған органды заңнамалармен белгіленген тәртіпте және мерзімде хабардар етуге міндетті.

14. Колледж органдары

82. Колледж органдары болып табылады:

- жоғарғы орган – Жалғыз қатысушы;
- атқарушы орган – Колледж директоры;

15. Колледждің Жалғыз қатысушысының құқықтары мен міндеттері

83. Колледждің Жалғыз қатысушысының құқы бар:

1) Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте Колледж істерін басқаруға қатысуға;

2) Заңға және Колледждің құрылтай құжаттарына сәйкес Колледж қызметінен табыс алуға;

3) Колледж қызметі туралы ақпарат алуға, оның ішінде осы Жарғымен қарастырылған тәртіпте бухгалтерлік және өзге құжаттармен танысуға;

4) Колледждің таратылуы жағдайында, кредиторлармен есептесуден кейін қалған мүлік құнын алуға;

5) өз үлесін Заңмен қарастырылған тәртіпте алу жолымен Колледждегі қатысуды тоқтатуға;

6) құқықтарын бұзатын Колледж органдарының шешімдерін (Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған) сот тәртібінде даулауға.

84. Колледждің Жалғыз қатысушысы міндетті:

1) Жарғы талаптарын сақтауға;

2) Колледждің жарғылық капиталына Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте, мөлшерде және мерзімдерде салымдар енгізуге;

3) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған жағдайларды қоспағанда, Колледж тарапынан коммерциялық құпия деп жарияланған мәліметтерді таратпауға;

4) Колледж атауының, тұрғылықты орнының, мекен-жайының, банктік деректемелерінің өзгеруі жөнінде атқарушы органды жазбаша хабардар етуге.

85. Жалғыз қатысушы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен және осы Жарғымен қарастырылған басқа да құқықтарды иеленіп, басқа да міндеттерді атқара алады.

16. Колледждің Жалғыз қатысушысы

86. Колледждің Жалғыз қатысушысының ерекше құзіретіне жатады:

1) Колледждің жарғылық капиталы мөлшерінің, орналасу орны мен фирмалық атауының өзгеруін қосқанда, Колледж Жарғысын өзгерту немесе Жарғыны жаңа редакцияда бекіту;

2) Колледждің атқарушы органын құру және оның өкілеттіктерін мерзімінен бұрын тоқтату, сондай-ақ Колледж немесе оның мүлкін сенімді

басқаруға беру туралы шешім қабылдау және ондай берудің шарттарын анықтау;

3) Колледж директорымен еңбек келісім-шартын жасау және тоқтату, директордың еңбек шарттары мен марапаттауды, сондай-ақ оның лауазымдық жалақысының мөлшерін анықтау;

4) Колледждің жылдық қаржылық есеп-қисабын және таза табысын бөлуді бекіту;

5) Колледждің ішкі ережелерін реттейтін құжаттарды (Колледж қызметін ұйымдастыру мақсатында Колледж директорымен қабылданатын құжаттарды қоспағанда) бекіту;

6) Колледждің Жалғыз қатысушысы мен үлестерді иеленушілерге Колледж қызметі жайлы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдерін бекіту;

7) Колледж филиалдары мен өкілдіктерін ашу туралы шешім, сондай-ақ олар туралы ережелерді бекіту;

8) Колледждің басқа шаруашылық серіктестерге, сондай-ақ коммерциялық емес ұйымдарға қатысуы туралы шешім;

9) Колледжді қайта құру немесе тарату туралы шешім;

10) тарату комиссиясын тағайындау және тарату теңгерімдерін бекіту;

11) Колледждің барлық мүлкін кепілге салу туралы шешім;

12) Колледж мүлкіне қосымша жарналарды енгізу туралы шешім;

13) Колледж қызметінің басым бағыттарын анықтау;

14) Колледждің орта мерзімді Даму жоспарын (5 жылға) және бюджетін (1 жылға) бекіту;

15) Колледждің жалпы еңбек төлемінің қоры мен жалпы штаттық санын, Серіктестіктің әкімшілік-басқару персоналының еңбек төлемінің қоры мен жалпы штаттық санын, сондай-ақ Колледждің орталық аппаратының құрылымын бекіту;

16) есепке алу саясатын бекіту;

17) Колледж жұмыскерлерінің еңбек төлемінің ережелерін бекіту;

18) серіктестіктердің жарғылық капиталындағы үлестерін, акционерлік қоғамдар акцияларын сенімді басқаруға қабылдау туралы шешім;

19) Колледж аудитін жүзеге асырушы аудиторлық ұйымды және оның қызметтерінің төлем мөлшерін анықтау;

20) қызметтік іссапарларға жіберілетін Колледж қызметкерлеріне шығындардың орнын толтыру тәртібі мен шарттарын анықтау;

21) Заңмен және осы Жарғымен қарастырылған, Колледж директорының күзіретіне жатпайтын өзге де мәселелер.

87. Жарғыдағы оның күзіреті қалай анықталғанына байланыссыз, Колледждің Жалғыз қатысушысы Колледж қызметімен байланысты кез келген мәселені қарауға құқылы.

88. Колледждің Жалғыз қатысушысы Колледждің ішкі қызметіне жататын мәселелер бойынша Колледж директорының кез келген шешімінің күшін жоюға құқылы.

17. Колледждің атқарушы органы

89. Колледждің ағымдағы басшылығы мен оның істерін жүргізуді Колледждің жеке атқарушы органы – Колледж Директоры жүзеге асырады.

90. Колледж директоры Жалғыз қатысушымен белгіленген, бірақ бес жылдан көп емес мерзімге сайланады. Директормен еңбек келісім-шартына Колледждің жалғыз қатысушысы қол қояды.

91. Директордың құзіретіне Заңмен, осы Жарғымен немесе Жалғыз қатысушымен қабылданған немесе бекітілген өзге де құжаттармен анықталған, Жалғыз қатысушы құзіретіне жатпайтын Колледж қызметін қамтамасыз етудің барлық мәселелері жатады.

92. Колледж директоры:

1) сенімхатсыз Колледж атынан әрекет етеді;

2) Колледжді таныстыру құқығына, оның ішінде сенім ауысу құқығымен сенімхаттар береді;

3) Колледждің жалғыз қатысушысының шешімдерін іске асырады;

4) Жалғыз қатысушының келісімі бойынша Колледж директорының орынбасарларын, бас бухгалтерді қызметіне тағайындайды және босатады;

5) бұйрықтар мен өкімдерді шығарады;

6) Колледждің Жалғыз қатысушысымен бекітілетін құжаттарға жатпайтын, Колледж қызметін ұйымдастыру мақсатында қабылданатын құжаттарды бекітеді;

7) Колледж қызметкерлерімен еңбек келісім-шарттарын жасайды, оларды қызметке тағайындау, ауыстыру және жұмыстан шығару туралы бұйрықтар шығарады, лауазымдық жалақылардың мөлшерін белгілейді, марапаттау (сыйақы беру) мәселелерін шешеді, мадақтау және тәртіп жазасы шараларын қолданады;

8) Колледж басшылығы арасындағы міндеттерді және өкілеттіктер мен жауапкершілік саласын бөледі;

9) Жалғыз қатысушыға оның белгілеген мерзімдері және формалары бойынша Колледждің есептік жылдағы даму және бюджет жоспарын орындау бойынша есепті ұсынады;

10) Жалғыз қатысушының сұранымы бойынша олардың белгілеген мерзімдерінде Колледждің өндірістік және қаржылық қызметі жөніндегі кез келген ақпаратты, оның ішінде бухгалтерлік және қаржылық құжаттарды заңнамалармен және Колледждің ішкі құжаттарымен анықталған тәртіпте ұсынады;

11) Колледж филиалдары мен өкілдіктерінің қызметін үйлестіреді;

12) өзінің болмауы кезінде, өз міндеттерінің орындалуын орынбасарларының біреуіне жүктейді;

13) Колледж қызметінде заңдылықтың сақталуын қамтамасыз етеді;

14) Колледждің ортамерзімді Даму жоспары (5 жылға) мен бюджетінің (1 жылға) әзірленуін қамтамасыз етеді;

15) Жалғыз қатысушының құзіретіне жатпайтын, Заңмен және осы Жарғымен белгіленген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

93. Колледж Директорына тыйым салынады:

1) Жалғыз қатысушының келісімінсіз Колледжбен мүліктік пайданы алуға бағытталған мәмілелерді (сыйға тарту, қарыз, өтеусіз пайдалану, саудасаттық келісім-шарттары және т.б. қосқанда) жасауға;

2) Колледждің өзінен, сондай-ақ үшінші тұлғалардан Колледждің үшінші тұлғалармен жасаған мәмілелері үшін комиссиялық сыйақы алуға;

3) үшінші тұлғалардың Колледжбен қарым-қатынасында үшінші тұлғаларының немесе солардың мүддесі үшін шығуға;

4) Колледж қызметімен бәсекелес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға.

18. Колледждің таза табысын бөлу

94. Колледж қызметінің бір жылдағы нәтижелері бойынша алынған таза табыс Колледж қызметінің сәйкес жылдағы нәтижелерін бекітуге қатыстырылған жалғыз қатысушының шешіміне сәйкес өндіріледі

95. Жалғыз қатысушы табыс алуға құқылы. Төлем Колледж тарапынан ақшалай формада табыс алу туралы Жалғыз қатысушының шешім қабылдау күнінен бастап бір ай ішінде жүргізілуі керек.

19. Колледждің Жалғыз қатысушысы және үлестерді иеленушілерге Колледж қызметі жайлы ақпаратты ұсыну тәртібі мен мерзімдері

96. Колледж Жалғыз қатысушының (үлестерді иеленушілер) талабы бойынша Жалғыз қатысушы мүдделерін қозғайтын Колледж қызметі туралы ақпаратты беруге міндетті.

97. Колледждің Жалғыз қатысушысының (үлестерді иеленушілер) мүдделерін қозғайтын ақпарат ретінде:

1) Колледж директорының қабылдаған шешімдері және Жалғыз қатысушының қабылдаған шешімдерінің орындалуы туралы ақпарат;

2) Колледждің жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан көп пайызын құрайтын мөлшерде қарыз алу;

3) нәтижесінде Колледждің жеке капиталының мөлшерінен жиырма бес және одан жоғары пайыздарды құрайтын сомаға мүлік алынатын немесе шеттетілетін мәмілені немесе өзара байланысқан мәмілелер жиынтығын жасау;

4) Колледждің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыруға және/немесе белгілі бір іс-әрекеттерді атқаруға лицензиялар алуы, олардың қызметін тоқтата тұру немесе тоқтату, сондай-ақ Колледждің қандай да бір қызмет түрлерін жүзеге асыру және/немесе белгілі бір іс-әрекеттерді атқару үшін алдында алған лицензияларан айыру;

5) Колледж мүлкін пайдалануға тыйым салу;

6) нәтижесінде теңгерімдік құны Колледж активтерінің жалпы мөлшерінен он және одан жоғары пайыздарын құраған Колледж мүлкі жойылған, төтенше сипатқа ие болған жағдайлардың орын алуы;

7) Колледжді және (немесе) оның лауазымдық тұлғаларын әкімшілік жауапкершілікке тарту;

- 8) Колледжді мәжбүрлі қайта құру туралы шешім;
- 9) аудиторлық есеп (оның болуында);
- 10) корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат;
- 11) Колледж Жарғысына сәйкес қатысушылар мүддесін қозғайтын өзге де ақпарат танылады.

98. Колледж Директоры корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы Колледждің Жалғыз қатысушысын хабардар етуге міндетті.

99. Корпоративтік дау бойынша сотта іс қозғау туралы ақпарат Жалғыз қатысушыға Колледждің корпоративтік даудың азаматтық ісі бойынша сәйкес сот хабарламасын немесе шақыртуын алған күннен бастап ең кемі жеті жұмыс күнінде Жарғымен қарастырылған тәртіпте берілуі тиіс.

100. Жалғыз қатысушының мүддесін қозғайтын Колледж қызметі жайлы ақпаратты ұсыну күші бар заңнамалармен және Колледж Жарғысымен жүзеге асырылады.

101. Колледж өз қызметі жайлы ақпаратты Жалғыз қатысушысына жазбаша өтінім білдірген күннен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

102. Колледж қызметі жайлы ақпаратты үлес иеленушілеріне беру Колледж Жарғысына сәйкес жүзеге асады. Ақпаратты ұсыну тәртібі мен көлемі Жарғымен және үлестерді иленудің алдын-ала келісім-шартымен белгіленеді.

103. Колледж өз қызметі жайлы ақпаратты аталған Колледждің үлес иеленушілеріне алдын-ала келісім-шартқа қол қою күнінен бастап 10 (он) жұмыс күнінен кешіктірмей беруге міндетті.

20. Колледж қызметін қайта құру және тоқтату

104. Колледж қызметін тоқтату Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте Жалғыз қатысушының немесе соттың шешімі бойынша қайта құру немесе тарату жолымен жүргізіледі.

105. Колледж қызметін тоқтату үшін негіздер Заңның 61, 68 баптарында көрсетілгендерден бөлек мына жағдайлар болуы мүмкін:

- егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері Заңның 23 бабының 2 тармағымен қарастырылған минимальды мөлшерден аз болса;
- егер Жалғыз қатысушы Колледждің жарғылық капиталын Заңның 24 бабының 2 тармағымен белгіленген мерзімдерде құрамаса.

106. Егер жарғылық капиталдың азаюы нәтижесінде оның мөлшері Заңның 23 бабының 2 тармағымен қарастырылған минимальды мөлшерден аз болып қалса, сондай-ақ Жалғыз қатысушы Колледждің жарғылық капиталын Заңның 24 бабының 2 тармағымен белгіленген мерзімдерде құрамаса, онда Жалғыз қатысушы бір жылдың ішінде жарғылық капиталға сәйкес қосымша салым енгізуі қажет. Басқа жағдайда Колледж қызығушылығы бар тұлғалардың арызы бойынша сот шешімімен таратуға жатады.

107. Колледжді қайта құру (бірігу, қосылу, бөліну, өзгеру) Қазақстан Республикасының заңнамаларымен қарастырылған тәртіпте жүргізіледі.

108. Тарату аяқталған, ал Колледж өз қызметін тоқтатқан болып бірыңғай мемлекеттік тізіліміне жазу енгізілген сәттен бастап есептеледі.

21. Қорытынды ережелер

109. Осы Жарғы Қазақстан Республикасының заңнамаларымен белгіленген тәртіпте мемлекеттік тіркелу күнінен бастап заңды күшіне енеді.


110. Осы Жарғыға барлық өзгертулер мен толықтырулар жазбаша рәсімделіп, өкілетті тұлғалармен қол қойылады және Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарына беріледі, сондай-ақ осы Жарғының ажырамас бөлігі болып табылады.

111. Жарғы баптарының тақырыптары оның түсіндірілуіне әсер етпеуі керек.

112. Егер Жарғы ережелерінің біреуі жарамсыз болып қалса, онда ол қалған ережелердің заңды күшіне әсер етпейді.

Жарамсыз ереже мағынасы бойынша жақын, құқықтық жағынан қол жетімді ережемен ауыстырылады.

Колледждің жалғыз қатысушысы - Жарғы негізінде әрекет етуші, Президент-ректор тұлғасындағы «М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясы» АҚ



Куанышев Бақытжан Мұханбетұлы

Куанышев Бақытжан Муханбетович

Утвержден
решением единственного участника –
решением Совета директоров
акционерного общества «Казахская
академия транспорта и
коммуникаций им. М.Тынышпаева»
(протокол заседания
от «16» августа 2013 г. №4)



УСТАВ
товарищества с ограниченной ответственностью
«Алматинский транспортный Колледж
Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева»

г. Алматы, 2013 год

1. Общие положения

1. Настоящий Устав определяет правовой статус, наименование, место нахождения товарищества с ограниченной ответственностью «Алматинский транспортный Колледж Казахской академии транспорта и коммуникаций имени М.Тынышпаева» (далее - Колледж), порядок формирования и компетенцию органов Колледжа, условия реорганизации, прекращения его деятельности и другие положения, не противоречащие законодательству Республики Казахстан.

2. Учредителем Колледжа является (далее - Единственный участник): Акционерное общество «Казахская академия транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева», свидетельство о государственной перерегистрации № 552-1910-02-АО от 05.11.2007 г., расположенное по адресу: 050012, г. Алматы, ул. Шевченко, 97, РНН 600700012599, БИН 010740000551.

3. Наименование Колледжа:
на государственном языке полное наименование:
«М.Тынышбаев атындағы Қазақ көлік және коммуникациялар академиясының Алматы көлік Колледжі» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі;

сокращенное наименование:

«ҚазККА Алматы көлік Колледжі» ЖШС;

на русском языке полное наименование:

Товарищество с ограниченной ответственностью «Алматинский транспортный Колледж Казахской академии транспорта и коммуникаций им. М.Тынышпаева»;

сокращенное наименование:

ТОО «Алматинский транспортный Колледж КазАТК».

4. Место нахождения Колледжа: Республика Казахстан, г. Алматы, Жетысуский район, ул. Райымбека, 165.

5. Срок деятельности Колледжа не ограничен.

6. Информация о деятельности Колледжа публикуется в следующих печатных средствах массовой информации: газеты «Казахстанская правда», «Юридическая газета».

2. Юридический статус Колледжа

7. Колледж является юридическим лицом по законодательству Республики Казахстан и осуществляет свою деятельность в соответствии с Гражданским кодексом Республики Казахстан, Законом Республики Казахстан «О товариществах с ограниченной и дополнительной ответственностью» (далее – Закон) и иными нормативными правовыми актами Республики Казахстан, а также Уставом Колледжа (далее – Устав) и другими внутренними документами Колледжа.

8. Колледж имеет самостоятельный баланс, банковские счета, в том числе валютные, печать с указанием полного фирменного наименования на государственном и русском языках, фирменные бланки, эмблему (символику), зарегистрированную в установленном порядке, вымпел, нагрудный знак.

9. Колледж приобретает статус юридического лица с момента государственной регистрации в органах юстиции Республики Казахстан.

10. Колледж вправе создавать на территории Республики Казахстан и за рубежом филиалы и представительства, вступать в объединения (союзы) с другими юридическими лицами, а также быть участником (акционером) иных юридических лиц.

11. Колледж при осуществлении своей деятельности использует государственный, русский и, при необходимости, другие языки.

12. Колледж отвечает по своим обязательствам всем принадлежащим ему имуществом. Государство не отвечает по долгам Колледжа. Колледж не отвечает по долгам государства. Колледж не отвечает по обязательствам своего Единственного участника, за исключением случаев предусмотренных действующим законодательством.

3. Перечень реализуемых образовательных учебных программ

13. Перечень реализуемых образовательных программ:

